

Қызылорда облысы Қызылорда қаласының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 тамыздағы N 1221

"Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 3550 Жарлығын U973350_ атқару үшін және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қызылорда қаласының шекарасы оған: Машина-сынау станциясы, Талдыарал поселкелерінің, Ақжарма ауылдық округінің Қубас селосының, Қосшыңырау ауылдық округінің Абай, Қазрис, Қарауылтөбе поселкелерінің, Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат селосының, әуе жайының, таратылған Сырдария ауданының Тасбөгет поселкесінің, Қызылөзек ауылдық округінің Қаракөл, Қараөзек поселкелерінің, Қызылөзек селосының, Тереңөзек ауданы Ленинск ауылдық округінің Иіркөл селосының, Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылдық округінің Бірқазан селосының аумақтарын олардың жер пайдалану шекараларының шегінде қоса отырып өзгертілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі